

Меркі ауданының білім беру ұйымдарының басшыларына

Меркі ауданының білім бөлімі Жамбыл облысы әкімдігінің білім басқармасының (әрі қарай – Білім басқармасы) 2024 жылғы 09 қаңтардағы №03-85 хатын сәйкес төмендегілерді хабарлайды.

Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің 2024 жылғы 09 қаңтардағы №321-5/146-И хатында жекелеген отбасы үлгісіндегі балалар үйлерінде, қорғаншылық (камқоршылық), патронаттық, қабылдаушы отбасыларында тәрбиеленетін жетім және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалардың (әрі қарай – балалар) құқықтарының бұзылып жатқандығын назар аудару керектігін хабарлаған.

Осыған орай, білім басқармасы ағымдағы жылдың 12 ақпанына дейінгі мерзімде балалар тәрбиеленіп жатқан барлық отбасыларға барып, балалардың құқықтары мен мүдделерінің қорғалуына зерделеу жүргізуді тапсырды.

Жоғарыда айтылғандардың негізінде, Сіз басқарып отырған мекемедегі балалардың отбасында балаларға деген дұрыс көзқарастың (балалардың отбасына деген дұрыс көзқарастың) және олардың толық дамуына климат қалыптасқанын, өсіп-дамуына жағдайлардың жасалғандығына зерделеу жұмыстарын жүргізу керек.

Сондықтан, балаларға сынып жетекшілері – мінездеме, ал педагог-психологтар – психологиялық қорытынды (баланың отбасындағы орны, балалардың қамқоршыларға (қорғаншыларға), тәрбиешілерге деген көзқарасы, т.с.с.) беру және әлеуметтік педагог – балалардың үй-тұрмыстық жағдайын тексеріп акті ретінде ұсыну керектігін ескертіп, жүргізілген жұмыстың қорытындысын мәлімет ретінде ағымдағы жылдың 6 ақпанына дейінгі мерзімде ұсыну керектігі туралы тапсырма беруіңізді сұраймын.

Ескерту:

- 1) Мәліметтер фотосуретпен бірге ұсынылады;
- 2) Балалардың үй-тұрмыстық жағдайын тексеруді жүргізу білім бөлімінің бас маманы Б.Культаевпен бірлесе жүргізіледі (22.01.-06.02.2024ж.аралығы);
- 3) Барлық мәлімет (мінездеме, психологиялық қорытынды, үй-тұрмыстық жағдайын тексеру актісі) мекеме басшысының қолымен қол қойылып және мекеме мөрімен мөрленіп беріледі.


Меркі ауданының білім
бөлімінің басшысы



А.Алтынбаева

Б.Культаев
+77013249204

baha.kultaev@vandex.kz



Меркі ауданының білім беру
ұйымдарының басшыларына

Қорғаншылық және қамқоршылық жөніндегі функцияларын жүзеге асыратын Меркі ауданының білім бөлімі келесіні хабарлайды.

Қазақстан Республикасының «Неке (ерлі зайыптылық) және отбасы туралы» Кодексінің (әрі қарай – кодекс) 117-бабының 2 тармағында жеке және заңды тұлғалар жетім балалар, ата-аналарының қамқорлығынсыз қалған балалар туралы олардың тұратын жері бойынша қорғаншылық немесе қамқоршылық жөніндегі функцияларды жүзеге асыратын органдарды кешіктірмей хабардар етуге міндетті делінген.

Сонымен қатар, Кодекстің 117-бабының 5 тармағында аудандардың, облыстық маңызы бар қалалардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың жергілікті атқарушы органы жетім балалардың, ата-аналарының қамқорлығынсыз қалған балалардың тұратын жері бойынша олар туралы мәліметтер түскен күннен бастап бір ай ішінде баланы орналастыруды қамтамасыз етеді (Республикалық деректер банкінің бастапқы есебіне алу) деп көрсетілген.

Жетім бала (балалар) – ата-анасының екеуі де немесе жалғыз анасы (әкесі) қайтыс болған бала (балалар).

Ата-аналарының (ата-анасының) қамқорлығынсыз қалған бала (балалар) – ата-ана құқықтарының шектелуіне немесе олардан айрылуына, хабарсыз кеткен деп танылуына, қайтыс болған деп жариялануына, әрекетке қабілетсіз немесе әрекет қабілеті шектелген деп танылуына, бас бостандығынан айыру орындарында жазасын өтеуіне, бала тәрбиелеуден немесе оның құқықтары мен мүдделерін қорғаудан жалтаруына, оның ішінде баланы тәрбиелеу немесе медициналық ұйымнан алудан бас тартуына байланысты, сондай-ақ ата-ана қамқоршылығы болмаған және Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген өз құқықтары мен мүдделерінің қажетті қорғалуын қамтамасыз етуге мұқтаж болған өзге де жағдайларда жалғыз ата-анасының немесе екеуінің де қамқорлығынан айрылған бала (балалар).

Осыған орай, Сізге жетім және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалар анықталған жағдайда 3 күн ішінде аудандық білім бөліміне хабарлау керектігін ескертеді.

Меркі ауданының білім
бөлімінің басшысы



А.Алтынбаева

✉ Б.Культеев

☎ +77013249204

✉ baha.kultaev@yandex.kz